


Бекітемін

Мектеп директоры


 Сарсенбаева К.А.

«27» 08 2021ж



Келісемін:


Директордың оқу ісінің меңгерушісі

 Еселбай А.С.

«26» 08 2021ж

ӘБ отырысында қаралды:

Хаттама №

 Садырбекова Л.Е.

«25» 08 2021ж

«Жазу үлгісі» Вариативтік компоненті

«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш аудандық білім бөлімінің
«Ақкөл орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»МҚМ

Барлығы: 32 сағат, аптасына 1сағат

Мад тәрбиешісі: Орынбетова М.Ж

2021-2022оқу жылы

Түсінік хат

Жазу үлгісі оқушының келген күнімен жазымен басталады. Әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор. Әдемі жазу бұл мәдениеттің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға көзқарасы, құрметі. Жазудың мақсаты - дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық қоғамдық тәрбиелік мәні зор.

Сабақ үстінде оқушылардың негізгі білім, білік дағдыларын қалыптастыру болса, ауызша айтқандарын дәптерге каллиграфия ережелерін сақтап жазу қиын да, маңызды да қағидалардың бірі болып табылады. «Жазу үлгісі» таңдау пәнінің негізгі мақсаты – қазақ әліпбиіндегі әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді, көркем, түсінікті, таза жазуға дағдыландыру. Каллиграфия ережелерін сабақ үстінде оқушыларға толық меңгерту оңайға түспейді. Сондықтан, оқушылардың каллиграфиясын қалыптастыруда бұл пәннің ролі ерекше.

Ұсынылып отырған жоспар оқу курсының бағдарламасына сәйкестендірілген. Жатқа жазу, көшіріп жазу, шағын шығармалар оқушылардың зейінін, есту қабілеттерін, есте сақтауды дамытады. Сондай-ақ жоспарда оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын жұмыс түрлері бар. Сонымен қатар оқушылардың ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейтуге өз ықпалын тигізеді.

Жазу үлгісінің оқушыларды сауаттылыққа, ұқыптылыққа, оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық тәрбиелік мәні зор. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстар оқушы бойына жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы етеді. Таза, әдемі, дұрыс жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, ұқыптылыққа үйретеді. Бұл тұрғыдан қарағанда жазу курсы балаларға бағыт-бағдар береді.

Ол үшін алдымен оқушылардың қолының икемділігі мен көзбен мөлшерлеу қабілетін жетілдірудің маңызы зор. Әріп элементтерін үйреткенде соларға сәйкес келетін таңбалар таңдап алынады. Буын, сөз жазуда әріп таңбаларын бір-біріне қосып жазудың (іلمек сызық, жанастыру арқылы) тәртібі қатаң сақталады.

Бұл курс Қазақстан Республикасы үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы мен бекітілген ҚР мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы №500 бұйрығына негізделген.

Мақсаты:

Оқушылардың жазу дағдысын көркемдеу, сұлу жазуға машықтандыру. Өз ойын ауызша да, жазбаша да сауатты жеткізе білуін жетілдіру. Ауызекі және жазба тілде қарым- қатынас жасау дағдыларын дамыту, орфографиялық дағдылар мен көркем жазу дағдыларын қалыптастыру. Жазудың түрлі тәсілдері /көшіріп жазу, әріптік, буындық, сөздік, сөйлем, шағын мәтін т.б. арқылы сауатты жазуға үйрету.

Міндеттері:

- бас және кіші әріптерді каллиграфия талаптарына сай жазуға дағдыландыру;
- әріптерді бір-бірімен өзара байланыстыра қосып жазуға үйрету;
- сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру;
- эстетикалық талғамға сай жазу әрекетін игеру арқылы каллиграфиялық көркем жазуын қалыптастыру;

Күтілетін нәтижелері:

- әріптерді каллиграфия талаптарына сай жазуға дағдыланады;
- әріптер сырын толық игеруге мүмкіндік алады;
- грамматикалық тапсырмаларды орындай алуға машықтанады;
- шығармашылық тапсырмаларды орындап үйренеді.
- сауатты жазу дағдылары қалыптасады;

«Жазу үлгісі»

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Жазу ережелерімен таныстыру	1	02.09.2021
2	Түзу қиғаш сызық сызу	1	09.09.2021
3	Сызықтарды параллель жүргізу	1	10.09.2021
4	«Ілмек біз»сызықтары	1	23.09.2021
5	Әріп элементтерін бөлек салу	1	30.09.2021
6	Әріп жазуға дайындық элементтері	1	07.10.2021
7	Ана мен бала А дыбысы мен Т әріпі	1	14.10.2021
8	Хайуанаттар паркі П дыбысы мен Р әріпі	1	21.10.2021
9	Теңіз жағалауы Ғ дыбысы мен Р әріпі	1	28.10.2021
10	Төрт түлік Л дыбысы мен У әріпі	1	11.11.2021
11	Сапар Ш дыбысы мен Й әріпі	1	18.11.2021
12	Балалар ойындары О дыбысы мен Қ әріпі	1	25.11.2021
13	Көшелер мен даңғылар Д дыбысы мен М әріпі	1	02.12.2021
14	Табиғат аясында Б дыбысы мен С әріпі	1	09.12.2021
15	Табиғат құбылыстар Ы дыбысы мен Ж әріпі	1	23.12.2021
16	Еңбек Е және К дыбысы	1	20.01.2022
17	Достық І және Ә әріпі	1	27.01.2022
18	Бос уақыттағы демалыс И және З әріпі	1	03.02.2022
19	Төлдер мен балапандар Ө және Ү әріпі	1	17.02.2022
20	Өсімдіктер әлемі Г және Я әріпі	1	24.02.2022
21	Суретші құрал жабдықтар Ю және Х әріптері	1	03.03.2022
22	Ерлік Һ және В әріптері	1	10.03.2022
23	Тыныштық күзетшілері Ф және Ё әріптері	1	17.03.2022
24	Ойыншықтар Э дыбысы мен әріпі	1	31.03.2022
25	Дәм Щ әріпі мен дыбысы Ц әріпін (хаттың негізінде; №18-2/120-И)	1	07.04.2022
26	Цирк өнері Ц әріпі мен дыбысы	1	14.04.2022
27	Спорт ойындары Ч дыбысы мен әріпі	1	21.04.2022
28	Лагерь ь белгісі	1	28.04.2022
29	Фото түсіру өнері ь белгісі	1	05.05.2022
30	Өткен әріптерді қайталау	1	12.05.2022
31	Қайталау	1	19.05.2022

